

Павлодар облысының білім беру басқармасы,
Баянауыл ауданым білім беру бөлімінің
«Үшкүлын жалпы негізгі білім беру мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Бракераждық комиссияның отырысының
хаттамасы

Күні: 03.09.2025 ж.

Қатысқандар:

Бейсенбаева Ж.М. Басшы

Бораншы С. – басшының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Хапаш Ж. – қамқоршылық кеңесінің төрайымы

Алуамжар К. мектеп аспазшысы

Искакова М.С. – медбике

Күн тәртібінде

1. 2025-2026 оқу жылындағы бракераждық комиссияның жұмыс жоспарымен таныстыру.
2. Бракераждық комиссиясының міндеттерімен таныстыру.

Тыңдалды: 2025-2026 оқу жылындағы бракераждық комиссияның жұмыс жоспарымен таныстыру

Сөйледі: Бораншы С. – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Бірініші мәселе бойынша басшының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Бораншы С. сөз алды. 2025-2026 оқу жылындағы бракераждық комиссияның жұмыс жоспарымен таныстырды. Жоспарға сәйкес жұмыстар атқару керектігін комиссия мүшелеріне түсіндірді. 2025-2026 оқу жылында тегін ыстық тамақ ішетін оқушылар саны 30 оқушы екенін айтты. 1-4 сынып оқушылары 100 пайыз тегін ыстық тамақпен қамтылғандығына тоқталды. Қалған оқушылар жоғары 6 - 9 сынып оқушылары арасынан 5 оқушы әлеуметтік жағдайларына байланысты тегін ыстық тамақ тізіміне ұсынды. Олар азқамтылған және атаулы әлеуметтік көмек алатын оқушылар екенін таныстырып өтті. Асханада тамақ уақытыл жеткізіледі. Күнделікті аз мәзірі сақталған. Аз мәзірі аудандық білім бөлімімен бекітілген.

Тыңдалды: Бракераждық комиссиясының міндеттерімен таныстыру.

Сөйледі: Бораншы С. – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Күн тәртібіндегі екінші мәселесі бойынша басшының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары сөз алды. 2025 – 2026 оқу жылында мектепте ыстық тамақты ұйымдастыру 03.09.2025 ж. басталғандығын атап өтті. Білім алушыларды сапалы ыстық тамақпен қамтамасыз ету біздің басты міндетіміз екенін жеткізді.

Дайындалған тамақтың сапасына, асхананың тазалығына, санитарлық, гигиеналық ережелерді сақтауға жауапты аспазшы Алуамжар Кулмайраға және Наби Адасханға жүктелетіндігін айтты.

Мектеп медбикесі Исакова Марзия Сагадатовна тез бұзылатын өнімдерді бақылау үшін бракераждық журнал ашып, дайын өнімді тіркеуге бракераждық журнал бастау керектігін ескертті. Сонымен қатар дайындалатын өнімге уақытылы сынама жүргізу қажеттілігін атап өтті. Оқушыларға сапалы тамақ берілуін үнемі бақылауда ұстау тікелей медбикеге жүктелетіндігін нақтылады.

Қаулы:

1. Тамақтың сапасына, жұмыс орнында санитарлық тазалықты сақтау аспазшы К. Алуамжарға және Наби Адасханға міндеттелсін.

2. Мектеп медбикесі М.С. Исакова тез бұзылатын өнімдерді бақылау үшін бракераждық журнал, дайын өнімді тіркеуге бракераждық журнал басталсын.

Жиналыстың төрайымы:  Бейсенбаева Ж.М.

Хатшы:  Бораншы С.